

*Дарисева Т.М.  
п.д.к., доцент, М.Өттемісов атындағы БҚМУ*

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА СТУДЕНТ-ЖАСТАРДЫ ҰЛТЖАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДІҢ МАҢЫЗЫ

Қазіргі қазақстандық қоғам дамуының басты стратегиялық бағыты жастар тәрбиесі болып табылады. «Адами қазынамыз» болып саналатын жастардың тәрбиесі – ертеңгі ел тағдыры. Өскелен ұрпақтың денсаулығы, білім сапасы, ұлттық санасы, ұлтаралық мәдениеті, әлеуметтік жағдайы, т.б. мәселелердің оң шешімін табуы олардың ертеңге деген сенімін нығайтып, ұлт патриоты, ел азаматы, білікті маман болуына жағдай жасайды. Бұл мәселе үнемі Елбасы назарында. Қазақстан халқына Жолдауында ол ең алдымен өзіміздің «адами қазынамызды» молайтуды міндеп етіп қойды. Елге тірек, жерге қамқор болатын жастарды тәрбиелу ортақ ісіміз,- деді Елбасы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» Жолдауында: «Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүтіннен бастап ұлттық мінез-кулық, биік талғампаздық, тәқаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық наымыс қасиеттерін сініріп қалыптастыруымыз керек», - деп ерекше мән беріп тоқталған болатын. Бұлай екпін түсіріп айтуының өзі қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз мемлекеттігіміздің тұрақтылығын сактап, оны болашаққа аманат етуді көздейді. Міне, осы тұрғыдан келсек мемлекеттік дәрежедегі мәселе білім беру саласында патриоттық сезімде тәрбиелей оқыту мәселесінің өзектілігі әрқашан да маңызды болып қалмақ.

Қазіргі кезде жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру өзекті мәселелер қатарына жатады. Себебі, бүгінгі таңда жастарымыздың арасында Отанды қорғауға деген саналы көзқарастың болмауы салдарынан әскер қатарында қызметін өтеуден қашу сияқты келенсіз жайттар жиі кездесіп қалады. Сондықтан балабақшадан бастап, мектепте, турлі орта және жоғары оқу орындары сияқты тәрбие ошактарында патриоттық тәрбие беруді қолға алудың маңызы зор, тәрбиенің бұл түрі жас ұрпақты елін қорғауға, ұлттық әскер сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық қасиеттерге баулиды.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаурына сай жас ұрпаққа отансуýгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Еліміздің географиялық орналасуы мен ұлттық-этникалық ерекшелігіне орай жастарға халықтық дәстүрге негізделген батыр бабаларымыздың ерлік дәстүрін насхаттау, билер мен шешендердің өнегелі тәлім-тәрбиelerіне негізделген жан-жакты тәрбие жүйесін құру қажеттілігі қазақстандық білім саласының маңызды проблемаларының бірі болып саналады.

Жастар тәрбиесі мәселесі еліміздегі іргелі оқу орындарының бірі де бірегейі саналатын, Ару Ақ Жайықтың төсінен орын тепкен Махамбет Өттемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де өзектілігі жағынан ең алдыңғы мәселелердің қатарынан орын алады. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Тұяkbай Зейітұлы Рысбеков университетімізге ректор болып тағайындалып, қызметіне кіріскең күннен бастап барлық жұмысты тәрбие ісінен бастады, өзі дүние жүзі тарихы ілімін, Тұмар ханым, Анақарыс, әл-Фараби, Жәнібек, Керей, Әз Тәуке, Әблікайыр, Бауыржан тағылымдарын жақсы белгітін ұйымдастырушының бұл қадамы өркенді еді. Өйткені, бәсекеге кабілетті білімді де білікті мамандар даярлау ісі оқу орнындағы тәрбие жұмысының тиянақтылығына тығыз байланысты. Біздең оқу-тәрбие жұмысы кең өрісті базалық және кәсіби мәдениетке негізделген, білім мен ғылымның, тәлім мен тәрбиенің тұгастығына құрылған университеттік білімді игеру мен оны шығармашылық тұрғыда дамытуға бағытталған. Университеттің

педагогикалық ұжымы болашақ мамандардың көсіби біліктілігін жетілдіру ісіндеған емес, олардың азаматтық жауапкершілігін, отаншылдық рухын, елдік қасиеті мен ұлттық ар-ожданын қатар тәрбиелуеге баса назар аударуда. Оқу орнындағы тәрбие ісінің стратегиялық түпкі мақсаты – елдің болашақ мамандарының көсіби, интеллектуалдық және әлеуметтік тұрғыдан жетілуіне барынша қолайлы жағдай жасау болып табылады. Осы мақсатпен бізде осыдан 5 жыл бұрын «Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы» құрылған болатын. Бұл ұйымның жыл сайын әр оқу жылына арналған тәрбие жұмысы және жастар саясаты жөніндегі жылдық жоспары бекітіледі. Бірнеше бағыттан тұратын жоспар мазмұны сапалы жоғары білім мен саналы ұлттық тәрбие беруге негізделген. Оқу мен тәрбие - егіз ұғым, окудың мәні тәрбиемен айшықталады. Сондықтан студенттерге зайырлы қоғам мұддесіне жауап беретін, ұлттық болмысымызға сай тәрбие беру өте маңызды іс. Студенттердің өзін-өзі басқару ұйымының ауқымында ұлттық құндылықтар негізінде жастарға халықтық, рухани тәрбие беру; олардың азаматтық бағдарын қалыптастыру; патриоттық және саяси тәрбие беру, құқық бұзуышылық пен сыйайлар жемқорлықтың алдын алу; бұқаралық спорт түрлерін дамытып, салауатты өмір салтын насиҳаттау; діни экстремизмге тоқсауыл қою және ұлтаралық қатынас тәрбиесі; студенттердің өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру; республикамыздағы арнаулы құндерге байланысты арнайы шаралар ұлттық тәрбие аясында қарастырылған.

Педагогика тарихында түрлі кезеңдерде патриотизм, советтік патриотизм, ұлтжандылық, қазақстандық патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік, оны жузеге асырудың жолдары туралы айтылған педагогикалық тұжырымды ойлар бұл проблеманың тамыры тереңде екендігін көрсетеді, яғни дерек көздеріне сүйенетін болсақ, 1898 жылғы ескі «Энциклопедиялық сөздіктеңі»: «*Патриотизмъ – любовь къ отечеству... привязанность къ своей культурной средѣ или къ родной гражданственности*», - деген анықтама біздің пікірімізді айғақтайды. Ертедегі грек және рим ойшылдарының (Платон, Цицерон, Аристотель, т.б) еңбектерінде отансүйгіштік тәрбие идеялары көрініс береді. Қазак елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім-тәрбие дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі студент-жастар тұлғасын тәрбиелуеде оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды қолдану – уақыт талабы. Тарихты параптасақ, ерте кезден бері қазақ патриотизмі қалыптасты. Оның дәлелі, халықтық мәнге ие, мол рухани мұра – түркі халықтарына ортақ руна тас ескерткіштеріндегі (Орхон-Енисей жазулары) тағылымдарда, орта ғасырлар ойшылдары (Махмұт Қашқари, Жұсіп Баласагұн, Ахмет Яссави) мен жырышы-жыраулардың (Асан қайғы, Шалқиіз, Ақтамберді, Бұкар жырау, М.Өтемісұлы, т.б.), казақтың ағартушы-гуманистері (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, т.б.) және КСРО-ның алғашқы жылдарындағы қоғам кайраткерлері (А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, т.б.) ой-пікірлерінде көрініс табады.

Қазақ халқы сан ғасырлардан бері дамып келе жатқан тарихында өз ұрпағына отансүйгіштік тәрбие беруде баға жетпес тәрбиелік мүмкіндігі зор рухани, мәдени мұраның мол тәжірибесін жинақтаған. Бұл мақсатты жузеге асыру үшін отансүйгіштік тәрбие жөніндегі халықтық қағидалар, талаптар және әдістәсілдер қолданылған. Қазақ халқының отансүйгіштік тәрбияссінің негізгі талаптары еліміздің тарихи дамуына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына, өмір салтына, түрлі тарихи уақыларға байланысты тып дамыған.

Зерттеуші ғалымдардың, педагогтардың тұжырымдары бойынша жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беруде баға жетпес педагогикалық құрал батырлардың қаңармандық бейнесі және оның қазақ ауыз әдебиетінде, тарихында, көркем шығармаларда сомдалуы болып табылады.

Қазақ батырларының бойында баршага тән қаңармандық қасиеттердің жиынтығы да, азamatқа тән адамгершілік қасиеттер де, отағасына тән «сегіз қырлы, бір сырлылық» та, шешенге тән дуалы ауыздылық та, данаға тән білгірлік те, биге тән көсемдік те, әулиеге тән көрегенділік те табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін

Ер Төстіктің қаңармандығын, Бекет атасың бойындағы әулиелігін, Исарай батырдың ел бастиған билігін, Сырым батырдың шешендігін, Б.Момышұлының батырлығы мен өрен тапқырлығын айтуға болады. Ендеше, тамыры терең патриоттық тәрбиенің көзін ұлттық тарихымыздан анық көргө болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қалың елім - Қазақым» жинағында «...Қазақстанда тұратын әрбір адам өзін осы елдің перзенті сезінбейінше, оның өткенін біліп, болашағына сенбейінше біздің жұмысымыз ілгері баспайды...» және «Біз қазақстандық патриотизмді Отаның, жері мен сүйін шексіз сую, халқының өнеге дәстүрін, әдет-ғұрпын, елдің тарихын құрмет тұту, мұддесін көздең, бостандығы мен құқын қорғау, әр адамның күш-жігерін ел бірлігін нығайтуға, азаматтық татулықты баянды етуге және ұлтаралық татулықты тұрақтандыруға жұмсау» деп жазылғаны мәлім.

Қазақ халқының табиғи түрдегі патриоттық тәлімінің басқа да халықтық дәстүрі мен байлықтарының дами түсін, тіпті кейбір уақыттарда патриот деген сөздің лексикалық құрамынан алғынп қалмауын қазақ жеріндегі жіп-жіп болып тұрған тарихи оқиғалардың қыр-сырынан іздеген жөн. Қазақтың ұлан-байтақ даласын біздің ата-бабаларымыз сан ғасыр «Отан отбасынан басталады», «Жауға жүргегінде берсен де, жерінді берме» деп «Найзаның ұшымен, білектің күшімен», «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай» сан ғасырлар бойы аман сактап келді. Жері соншалықты кең, географиялық тұрғыдан бытыраңқы қазақ елінің құрып кету қаупі төніп тұрған кезде бір жағадан бас, бір женден қол шығарып жауға қарсы тұруы нағыз шынайы отансуїгіштік қасиет деп түсінеміз.

Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Демек, жас ұрпақтың бойында ұлттық патриотизммен бірге қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ерекше маңызға ие. Қазақстанның әрбір азаматы ұлты мен дініне қарамай, татулық пен бірліктің туын жоғары көтере білсе – патриотизмнің негізі сол болмақ. Елбасы өзінің «Тарих толқынында» кітабында: «Ұлттық бірліксіз патриотизм деген жансыз бірдене ғана болып қалады», - деп ұлттық бірлікке ерекше мән береді. Бірлік пен татулықтың маңызына халқымыз да бей-жай қарамаған. «Бірлік болмай, тірлік болмас», «Тертеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер», «Інтымақсыз ел онбас» деп, жас ұрпақтың санасына үнемі сіңіріп отырған.

Бұғынға танда қоғам мен мемлекеттің білім беру жүйесінің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі – жас ұрпақты қазақстандық ұлтжандылық пен Қазақстанды мекендерген халықтардың ұлтаралық ынтымактастығы рухында тәрбиелеу болып табылады. Бұл мәселеңің қекейкестілігі қазіргі әлемді жаңаандандыру жағдайында бұрынғысынан да артып отыр. Ұлттық бірегейлікті сақтаудың басты жолдарының бірі жастарға патриоттық тәрбие беруде халықтың мәдени мұрасын пайдалану болып табылады. Студент-жастардың азаматтық, патриоттық қасиеттерін қалыптастыру проблемасына Қазақстан үкіметі құжаттарында және Елбасы жолдауларында да аса ұлken мән берілген. Соның ішінде, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың еліміздің ұзак жылғы даму бағдарламасы «Қазақстан - 2030» стратегиясында көрсетілген әлемдік рынокта бәсекеге қабілетті қасиеттер мен ұстанымдарды дамытуда жастардың алатын орны ерекше.

Жастар саясатын жүзеге асыруға ұйытқы болу, халықаралық маңызға ие жобалар жүргізу, алдыңғы даму болжамын жасау – бұл Қазақстанның ертенге үміт артар жастарының қолында.

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанды» құру біздің алдымызға ұлken мақсаттар қойып отыр. Ол жеке тұлғаның және қоғамның, «парасатты экономиканың» қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бәсекеге кабілетті салауатты тұлға қалыптастыру. Осында мақсатқа жету үшін жоғары оқу орындары студенттерінің ұлтжандылық, отансуїгіштік, азаматтық қасиеттерін қалыптастыра отырып дамыту қазіргі заман талабы.

Жоғары оқу орнында студент-жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеудің басты мақсаты – студенттерге білім, білік, дағдылар жиынтығын беріп қана қоймай, сонымен қатар, өмірдегі өз орнын анықтай алатын, елім деп еміреніп, жерім деп

журегі тілімденетін, ел басына күн туғанда толарсақтан қан кешіп, елі үшін аянбай барын салатын, «жаным – арымнан, арым – ел жұртынан» садақа дейтін, сапалы білімін ел муддесіне жұмсап, елінің ертенгі болашағына елеулі үлес қоса алатын қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

Сондықтан бүтінгі күні жоғары оку орнындағы студент-жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу үрдісі студенттердің өзін-өзі жан-жақты жетілдіруге, өзінің қоғамдағы орны мен даму деңгейін айқындауға, өзінің ішкі сезімдері мен сапалы қасиеттерін дамыту арқылы ұлтының шын жанашыры ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуге бағытталуы қажет.

Студент-жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеудің маңызын анықтау үшін ең алдымен мынадай мәселелерге тоқталу қажеттігі туындарды: ұлтжанды толықтанды тұлғаны қалыптастыру; жоғары оку орнында отансүйгіш жастарды тәрбиелеудің маңызды принциптерін анықтау; студент-жастарды ұлтжанды тұлға ретінде тәрбиелеу жүйесіндегі студенттік өзін-өзі басқару ұйымының студенттерді дамытудағы рөлі мен ерекшеліктерін белгілеу; жоғары оку орнында патриот жастарды қалыптастырудың жолдарын анықтау; қорыта келгенде студент-жастарға білім, тәрбие беру арқылы ұлтжанды тұлғаны қалыптастыруды қазіргі заман талабына сай көзкарас тұрғысынан қарастыру. Осы сұрақтарға жауап табу мақсатында университетімізде түрлі іс-шаралар өтіп тұрады.

Студенттерді Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу мәселелері, оның даңқын көтермелеге талпыныстар көптеген ғалымдардың ой-пікірлерінде кездеседі. Атап айтсақ, жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеу мәселесі кеңестік педагогика теоретиктерінің Н.К.Крупская, А.В.Луначарский, А.С. Макаренко, В.А. Сухомлинский, С.Т. Шацкий және т.б. жұмыстарында ерекше көрініс алған.

Студент-жастардың ұлтжандылық тәрбиесінің теориялық негіздерін белгілі психолог және педагог ғалымдар Л.И.Божович, Н.И. Болдырев, А.Н. Леонтьев, Б.Т.Лихачев, А.С.Марьенко, С.Л. Рубинштейн қалаған. Қазақ ғалымдарының пайымдауынша, патриотизмге тәрбиелеуде сүйенетін негізгі ұғымдар «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм». Ұғым дегеніміз – заттар мен құбылыстардың жалпы айырмашылықтарының белгілі бір жиынтығы негізінде ой жүргізу. Ол ғылыми және тәжірибелік білімдерді қалыптастыруды қолданылады. Ұғымдар негізінде пікір, ой-тұжырымдар қалыптасып, ой қорытындылар мен пайымдаулар жасалады. Бұл жерде «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдары арқылы Отан, туған жер, ел, атамекен, мемлекет, туған өлкө, туған халқы туралы нақты түсініктер берудің тимділігі арта түспек. Ал, түсінік дегеніміз – бір нәрсенің мағынасы мен мәнін жүрекпен ұғыну. Сөйтіп, «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беру, олардың мазмұнын құрайтын: отансүйгіштік сезімін дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру және тағы басқа тәлім-тәрбиелік мүмкіндіктерін көңілеңтік түрде көздеп жүргізген зерттеулердегі педагог, психолог, философ ғалымдар мен ақын-жазушылардың ой-пікіріне сүйене отырып, «ұлттық патриотизм» және «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына анықтама беруге ұмтылды. Сондай-ақ бұл ұғымның маңызын ашып көрсету жас буындарды тәрбиелеуде бүтінгі күннің кезек күттірмейтін қажеттілігінен туындалап отыр.

Адамның жеке психологиясының әскери қызметтегі маңызын аша келіп, Б.Момышұлы «патриотизм - Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезінү, өзінің мемлекетке тәуелді екенін ұғыну, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды қүшету екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүтінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді” – деп терең жан-жақты анықтама берген. Қаңарман жазушы біз қолайлы көріп отырған «ұлттық патриотизм», «қазақстандық патриотизм» ұғымдарына философиялық анықтама беруге ұмтылған. Ол «ұлттық патриотизм - бұл ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл

белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі, өз халқымен қан жағынан да және шыққан тегі, территориясы, тілі, тұрмыс-тіршілігі, мінез-құлқы, психологиялық және этнографиялық ерекшеліктері қалыптасқан, тарихи дәстүрлері жағынан да әбден айқын әрі дербес басқа қасиеттері және ерекшеліктері мен де байланысты”, - дейді. Жазушының пікірін жіктей отырып, бүгінгі патриотизмнің мазмұнын анықтауға әбден болады.

Патриоттық тәрбиені жоспарлаудағы нысаналы көзқарас принципі Президент Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан – 2030 стратегиясының ережелеріне негізделеді, әрі ағымдық және болашақтық жоспарлауды жетілдіру, тиімді патриоттық тәрбиені қүштейтудің құралы болып табылады.

Атақты грек философи Аристотель барлық адамдарға мемлекет тарапынан тәрбие беруді жақтап, дene, ақыл-ой, адамгершілік тәрбиенің байланысын, қоғамдық және отбасы тәрбиесінің сабактастығын көздейді. Грек ғалымы Платон «ұлды тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, кызды тәрбиелей отырып, елді тәрбиелейміз», - деп тегін айтпаса керек.

Еліміз егемендік алып, зайырлы мемлекет ретінде қалыптасып келеді. Білім, ғылым, мәдениет, экономика салаларындағы жетістігіміз мақтануға тұрарлық. Осы жетістіктер аясында жас ұрпақты Отанын сүюге, ол үшін аянбай қызмет етуге тәрбиелеу – әр оку орнының басты міндеттерінің бірі екені айдан анық. Осындағ ұлы мақсатты жүзеге асыру тұрғысында кешегі өткен педагог-ғалымдарымыздың, ұлы ойшылдарымыздың бай мұрасын тиімді пайдалану қажет.

Отаншылдыққа тәрбиелеу барысында алдымен патриоттық сана қалыптастыру, патриоттық сезімін ояту, патриоттық іс-эрекетке бейімдеу жұмыстары аткарылады. Патриоттық сананы тұлғаның ішкі жан-дуниесінің қозғалыстары деп қарастыратын болсақ, ол сезімнен және іс-эрекеттен көрініс табады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1.Ж.Нурбетова. *Патриотическое воспитание молодежи - актуальная проблема современности*. Алматы: Ізденіс. №4/2010. 146-149 б.
- 2.Ж.Ишекбаев. *Жастар тәрбиесі - басты назарда*. Алматы: Ақыжат. №11 қараша, 2010.24-26 б.
- 3.Г.Долженко. *Особенности героико-патриотического воспитания в современном вузе*. Алматы: Ұлт тәгілділік. №4/2010. 79-83 б.
- 4.М.Шукурбаев. *Қазақстандық патриотизмнің түу заңдылығы*. Алматы: Ұлт тәгілділік. №4/2010. 8-12 б.
- 5.Т.М.Даринцева. *Өзін-өзі басқару жүйесінің теориялық және әдіснамалық негіздері*. Алматы: Ұлт тәгілділік. №2/2008. 37-42 б.
- 6.Ж.Кекілбаева. *Патриотическое воспитание молодежи за рубежом*. Алматы: Ұлт тәгілділік. №2/2008. 12-18 б.

\*\*\*

*В статье освещаются пути по формированию патриотичного профессионала. Предлагаемые методы и приемы станут хорошим подспорьем для проведения мероприятий по воспитанию студенческой молодежи. Приведенные автором данные по исследуемой теме дают возможность рассмотреть методы по формированию всесторонне развитой личности.*

\*\*\*

*In article ways on formation of the patriotic professional are shined. Offered methods and receptions become good help for carrying out of actions for education of student's youth. The data cited by the author on an investigated theme gives the chance to consider methods on formation of comprehensively developed person.*